

2023 жылғы 16-20 қазан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» КММ-не жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Байғанин ауданының білім бөлімі
«Қаражар орта мектебі» КММ-не жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы

№ 76
«08» 04 2024 ж.

Анықтама

1. Біліктілік санаттары бойынша Қағиданың 24 тармағына сәйкес келмейтіні анықталды, өйткені әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес ұсынылған директор тарапынан бекітілген педагогтар мәліметі бойынша кестеде Орынбай Алматы Амантайқызы (еңбек өтілі 6 жыл) кемінде 5 жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған.

Орындалуы: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша арнаулы орта білімді, 6 жыл еңбек өтілі бар педагог Орынбай Алматы Амантайқызының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31- тамыздағы №385 бұйрығы 1- тарау 24- тармағына сәйкес біліктілік санаты деңгейін арттыру «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин ауданының білім бөлімі», «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстары жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген болатын. Орынбай Алматы Амантайқызы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау бойынша педагогтерді аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті. Аттестаттаудың екінші кезеңінен 19-шілде 2023 жылы педагогтердің білімін бағалау бойынша тестілеу тапсырып, өтініш берген «педагог-модератор» біліктілік санатына қажетті балды жинады. Алайда «педагог-модератор» біліктілік санатын алғандығы жөнінде бұйрық шығып, куәлік келмегендіктен А.А.Орынбай санатсыз педагог ретінде сайтқа салынып кеткен болатын. «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 28-тамыз күнгі № 159 санды бұйрығы негізінде Орынбай Алматы Амантайқызы «Педагог-модератор» санатын алды. Нәтижесінде іс-шаралар жоспарында көрсетілген бұл кемшілік толығымен жойылды.

Қосымша 1

2. Шағын орталықтың ересек топ тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторинг нәтижелері ұсынылмаған.

Орындалуы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин ауданының білім бөлімі», «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3- тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығының 1- қосымшасының 2- тарауының 6 тармағына шағын орталықтың ересек топ тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторинг нәтижелері сәйкес келмейтіндігі жоюға тиісті кемшілік болып атап көрсетілен. Осыған орай шағын орталық тобы тәрбиешісі Қуатбаева Анар Ғалеловнаға қайта жұмыстанып, 2022-2023 оқу жылындағы ересек топ тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторингін қарап, қайта ұсынды. (қоса тіркеледі)

Қосымша 2

3. Соңғы үш оқу жылының сабақ кестесі жасалмаған.

Орындалуы: Жіберілген кемшіліктер мен ескертулер тізбесінде көрсетілген 3 тармақшада соңғы үш оқу жылының сабақ кестесінің ұсынылмағаны айтылған. «Қаражар орта мектебі» КММ бойынша әр оқу жылына мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес оқу жоспары негізінде оқу жылы басында жалпы ата-аналар жиналысында таныстырыла отырып сабақ кестесі жасалып, ата-аналар комитетімен және бастауыш кәсіподақ төрайымымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітіліп отырады. Мемлекеттік аттестация кезінде сайтқа салынбай қалған себепті кемшілік болып табылды. Кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында аталған жылдар бойынша және ағымдағы оқу жылы бойынша сабақ кестелері ұсынылды.

Қосымша 3

4. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдауы бойынша өтініштер қабылданбаған, хаттамамен рәсімделмеген.

Орындалуы: Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейіндегі жаратылыстану бағытындағы оқу пәндері (ҚР Білім және Ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген оқу жоспары) таңдалып, хаттамаға түсірілді. (Хаттама №1)

Қосымша 4

5. Шаманов Тұрсынбекке 01.09.2020ж-15.10.2020ж. аралығында ерекше білім беруді оқытудың анықтамасы алынбай ерекше білім беру бағдарламасы жүргізілген.

Орындалуы: Шаманов Тұрсынбек Бауыржанұлы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушы ретінде 2018-2019 оқу жылы үйде жеке тегін оқыту үшін 1-сыныпқа қабылданған болатын. Сол уақыттан бері мектепке денсаулығына байланысты келе алмайтын болғандықтан үйде жеке тегін оқыту бағдарламасымен оқытылып келеді. 2020-2021 оқу жылы ата-анасының карантиндік жағдайға орай және денсаулығына байланысты (анасы II топ, әкесі III топтағы мүгедектігі бар) ПМПК, ВКК комиссияларына бара алмай қалған себепті баланың бағдарламадан қалып қоймай оқи беруін өтінген өтініші негізінде оқытылды. Жіберілген кемшілік негізінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.М.Шетевадан түсініктеме алынды. Бұл оқу жылына дейінгі жылдарда және кейінгі жылдарда үйде жеке тегін оқытудың анықтамасы уақытылы алынып отырды. 2023-2024 оқу жылы ПМПК, ВКК қорытындылары уақытылы алынды.

Қосымша 5

6. 10-11 сыныптардағы вариативтік компоненттегі «Жаһандық құзіреттілікті» модульдерге бөліп жүргізген.

Орындалуы: Мектептің оқу жұмыс жоспарында «Жаһандық құзіреттілік» пәні модулдерге бөлініп көрсетіліп кеткен. Алайда мұғалімдер барлық бөлімдерді сақтай отырып, пәнді бағдарламаға сай оқытқан. «Бастауыш,

негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы 5-9 сыныптар 68 қосымша, 10-11 сыныптар 131,132 қосымшалары басшылыққа алынды. Мектептің оқу жұмыс жоспарындағы кемшілік 2023-2024 оқу жылы түзетілді.

Қосымша 6

7. Екі педагог мерзімді біліктілігін арттырмаған: Хибина Айнура Болекбаевна (соңғы курстан өткен жылы -2019 ж.).Абиева Самал Кайруллаевна (соңғы курстан өткен жылы-жок).

Орындалуы:1.Хибина Айнура Болекбаевна мектеп психологы, 2023 жылдың 16 қазанына дейін, алғашқы мемлекеттік аттестаттау өткенше, курстан өтпегендігі анықтамада көрсетіліп жазылғандықтан, кемшілік болып табылды. А.Хибина 02.05.2023 жылы еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы негізінде декреттік демалысқа шықты және қазіргі таңда бала күтіміне байланысты демалыста отыр. Алайда педагог өз өтініші нешінде 11.03.2024-27.03.2024 жылы «Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өткендігін растаймын. Сертификат дайын болмағандықтан анықтама берілді.

2. Абиева Самал Кайруллаевна музыка үйірме жетекшісі, 2023 жылдың 16 қазанына дейін, алғашқы мемлекеттік аттестаттау өткенше, курстан өтпегендігі анықтамада көрсетіліп жазылғандықтан, кемшілік болып табылды. С.Абиева 15.09.2023 жылы еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы негізінде декреттік демалысқа шықты, қазіргі уақытта бала күтіміне байланысты демалыста отыр. Алайда педагог өз өтініші нешінде 20.11.2023-01.12.2023жылы «Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттіліктерін дамыту» тақырыбындағы 80 сағат,тіркеу номері 0753701, берілген күні 01.12.2023 жылы біліктілікті арттыру курсынан өткендігін растаймын.

Қосымша 7

8. Бір педагогтың мерзімді біліктілік санаты алынбаған (С.К.Абиева-педагогикалық еңбек өтілі 13 жыл).

Орындалуы: Жоғарыда көрсетілген кемшілік бойынша мектеп директоры С.Ш.Қалиев түсініктеме берді.(түсініктеме қоса тіркеледі) Яғни, «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 0,5 ставкадағы үйірме жетекшісі және 0,5 тәлімгер қызметін атқарып жүрген А.Ж.Төлеубаеваның науқастанып қалуына байланысты оның жұмысын уақытша атқару үшін қажетті маман сұрап аудандық білім бөліміне сұраныс берілгендігі жөнінде, бірақ уақытша жұмыс болғандықтан сұраныс бойынша маман келмеуіне және білім беру ұйымында да уақытша алмастыратын музыкалық білімі бар маман болмауына байланысты Байғанин аудандық Бәкір Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебінің Қаражар елді мекеніндегі филиалының сырнай үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс жасап жүрген,музыка мамандығы бойынша жоғары білімі бар Абиева Самал Кайруллаевнаның 2021 жылдың 29 қарашасы күні № 52 бұйрық бойынша уақытша жасалынған шарт негізінде жұмысқа алынғандығы анықталды. Алайда С.К.Абиева педагог кадрлар есебіне алынбаған. Уақытша жұмысқа алынса да С.К.Абиевадан біліктілік санатын көтеру қажет екендігі уақытылы талап етіліп, жоспарға қойылған.Қазіргі таңда бұл

маманның осы 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан бастап декреттік демалысқа кетуіне байланысты өз біліктілік санатын көтеруіне мүмкіндік болмай қалған. Алдағы уақытта С.К.Абиеваның тиісті деңгейдегі біліктілік санатын алуы назарда ұсталып, бақылауға алынады.

Қосымша 8

9. Бастауыш класс оқушылары жеке шкафтармен қамтылмаған.

Орындалуы: Байғанин аудандық білім бөліміне сұраныс беріліп, нәтижесінде оқушыларға қажетті аяқ киімдер және спорттық керек-жарақтар үшін бастауыш сыныптарда шкафтар орналастырылды. ҚР Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығын басшылыққа ала отырып, қажетті жабдықтармен қамтылды.

Қосымша 9

10. Үш оқу жылында бастауыш, негізгі және жоғары сыныптарда оқу пәндерінен БЖБ балдары рұқсат етілген максималды балына сәйкес келмейді. Атап айтсақ, БЖБ саны 6 балмен алынған. (максималды балл 1-4 класс аралығында 7-15 балл, 5-11 класс аралығында 7-20 балл болуы керек.)

Орындалуы: Осыған байланысты комиссия мүшелері тексеру жүргізіп, нәтижесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 4-тарау 40,41,42,44-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (3-қосымшасы) 4-тарау 57,58,59, 60-тармағына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18-наурыздағы № 125 бұйрығы 1-қосымшасы (1 тарау) 1,2,3,6,9- тармағына, 2-тарау 8,9,10,11,12,13-тармағында көрсетілген БЖБ жұмыстарын тиісті максималды балынан төмен (6 балл) алған пән мұғалімдерінен мектеп директорының атына мұндай қателіктерге алдағы уақытта жол бермейтіндіктері жөнінде түсініктеме алынып, «Ескерту» берілді. (Түсініктемелер қоса тіркеледі)

Қосымша 10

11. Пандус, тактильді тақтайшалар, арнайы дәретхана, шақыру нүктесі сияқты ерекше білім беру білім алушылары мен мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға жасалмаған.

Орындалуы:

Байғанин аудандық білім бөліміне сұраныс беріліп, нәтижесінде мектеп ерекше білім берумен мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін жағдай жасау мақсатында тактильді тақтайшалар және арнайы дәретханамен қамтылды.

Қосымша 11

«Қаражар орта мектебі» КММ-нің директоры  С.Ш.Қалиев

